

**«Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру»
жылдық жұмыс жоспары**

Қаңтар айындағы іс-шара

Іс-шара атауы:

«Әділдікке бастар жол» сурет көрмесі
(Балалардың шығармашылық жұмыстары)

Іс-шара түрі:

Сурет көрмесі, шығармашылық жұмыс

Өткізу мерзімі:

Қаңтар 2026 жыл

Мақсаты:

Балаларды әділдікке, шыншылдыққа және адалдыққа баулу; көркем шығармашылық арқылы адамгершілік және парасаттылық құндылықтарын сіңіру; әділ болудың қоғамдағы маңызын түсіндіру.

Міндеттері:

1. Балаларға әділдік, адалдық, шыншылдық ұғымдарын қарапайым мысалдар арқылы түсіндіру;
2. Шығармашылық іс-әрекет арқылы баланың ішкі сезімін, өмірлік көзқарасын қалыптастыру;
3. Балалар бойында жақсы мен жаманды ажырата білу қабілетін дамыту;
4. Эстетикалық талғам мен бейнелеу дағдыларын жетілдіру;
5. Қоғамда әділ өмір сүрудің – шындық пен еңбектің нәтижесі екенін ұғындыру.

Жауаптылар:

Тәрбиешілер

Қатысушылар:

Ортаңғы және ересек топ балалары, ата-аналар (қонақ ретінде)

ІС-ШАРА БАРЫСЫ

1. Ұйымдастыру кезеңі (5 мин)

Тәрбиешінің кіріспе сөзі:

– Балалар, бүгін біз «Әділдікке бастар жол» атты сурет көрмесін ашамыз. Әділ адам ешқашан өтірік айтпайды, өз еңбегін адал атқарады, басқаларға

жамандық жасамайды.

Ал сендер сурет арқылы әділдік пен адалдықты қалай түсінетіндерінді көрсетесіңдер!

Мақсатпен таныстыру:

«Біздің әр суретіміз – шындықты, әділдікті және мейірімділікті бейнелейді.»

2. Негізгі бөлім (25–30 мин)

1-бөлім. Танымдық әңгіме: «Әділ болу деген не?»

Тәрбиеші балалармен диалог жүргізеді:

- Әділ адам қандай болады?
- Ол не істейді?
- Егер біреу өзіне тиесілі емес нәрсені алса, ол әділдік пе?
- Әділ адамды неге барлығы сыйлайды?

Қорытынды:

Балалар әділдіктің мағынасын қарапайым мысалдар арқылы түсінеді:

- «Шындықты айту»,
- «Біреудің еңбегін бағалау»,
- «Бөлісе білу» – бәрі әділ болудың белгілері.

2-бөлім. Шығармашылық жұмыс: сурет салу «Әділдік пен адалдық әлемі»

Мақсаты:

Балалардың ойлау, бейнелеу, түсті таңдау қабілеттерін дамыту және өз ойын сурет арқылы жеткізуге баулу.

Қажетті құралдар:

Қағаз, түрлі түсті бояулар, қарындаштар, қылқалам, альбом беттері.

Жұмыс барысы:

- Тәрбиеші тақырыпты түсіндіреді:

«Сендер сурет арқылы әділдік пен адалдықтың бейнесін көрсетіңдер.

Мысалы, шындықты айтқан бала, достарына көмектесіп жатқан адам, еңбек етіп жүрген ата немесе ана, өз ісіне жауапты ұстаз.»

- Балалар өз суреттерін салады;
- Әр бала суретінің мазмұнын қысқаша әңгімелеп береді.

Тәрбиеші балаларды мадақтайды:

«Керемет! Сендердің суреттерінде әділдік пен шындықтың нұры бар!»

3-бөлім. Көрме ұйымдастыру: «Әділдікке бастар жол»

Мақсаты:

Балалар еңбегін бағалау және қоғамдық әділдік туралы түсініктерін насихаттау.

Көрме безендіріледі:

- Әр топтың суреттері ілінеді;
- Әр жұмыстың астына баланың аты-жөні және тақырыбы жазылады;
- Ортасына ұран жазылады: *«Адал бол – ардақты бол!»*

Ата-аналар шақырылып, балалардың еңбектерімен танысады.

Тәрбиеші балалармен бірге көрмені таныстырады:

«Бұл суреттерде адал адамдар бейнеленген. Олар әділ еңбек етіп, барлығына шындықты айтады.»

3. Қорытынды бөлім (5–7 мин)**Тәрбиешінің қорытынды сөзі:**

«Әділ болу – адамдықтың белгісі. Әділ адам ешқашан өтірік айтпайды, басқаны ренжітпейді және өз ісіне жауапкершілікпен қарайды.

Сендер де осындай адал, шыншыл, әділ азамат болыңдар!»

Балалармен ұжымдық ұран:

«Әділдік пен шындық – біздің өмір жолымыз!»

Көрме соңында:

- Балалар мен ата-аналарға *«Адалдық ағашы»* бұрышы көрсетіледі;
- Қатысушыларға шағын *«Адалдық туралы естелік буклеттер»* таратылады.

Күтілетін нәтиже:

- Балалар әділдік пен адалдық ұғымдарын түсінеді және оны іс-әрекет арқылы көрсете алады;
- Балалар мен ата-аналардың адамгершілік құндылықтарға қызығушылығы артады;
- Шығармашылық қабілеттері дамиды;
- Рәміздер мен адалдық тақырыбы көркем бейнелеу арқылы насихатталады.

Құжат түрлері:

1. Іс-шара өткізу актісі
2. Қатысушылар тізімі (балалар, ата-аналар)
3. Фотоесеп (көрме мен сурет салу сәттерінен)
4. Қорытынды талдау парағы (тәрбиеші есебі)

Қажетті көрнекіліктер мен материалдар:

- Плакат: «Әділдікке бастар жол»;
- Балалардың суреттері мен қолтаңбалары;
- Көрме сөрелері, ілуге арналған таспа;
- Жеңіл әуен (фондық);
- Ата-аналарға арналған ақпараттық парақша: «Адал ұрпақ – әділ қоғам кепілі».

Ұйымдастыру ұраны:

☺ «Әділдік – ардың айнасы, адалдық – өмір мәні!»

☘ «Шынышыл бала – елдің болашағы!»